

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор Биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2020 жылдың 20 қарашасындағы
№ 153 отырыс хаттамасы)
б е к і т і л д і

2020 жылдың 03 қарашасынан бастап
қолданысқа енгізілді

АҚШ долларының теңге бағамына жеткізу фьючерстерінің СИПАТТАМАСЫ

Алматы қ.
2020

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. №1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2024 жылдың 27 мамырындағы № 60 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2024 жылдың 03 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Маманданым биржалық қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттарын регламенттейтін "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжатына сәйкес әзірленді және шетел валюталары нарығында теңгеге АҚШ долларының бағамына жеткізілімді фьючерстерімен сауда-саттықты өткізудің стандартты шарттары мен параметрлерін анықтайды *(осы преамбула Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Маманданым биржалық қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттарын регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы Сипаттаманың шарттарында жасалатын туынды қаржы құралдары болып табылатын шарттардың түрі – АҚШ долларының теңгеге шаққандағы жеткізу фьючерстік бағамы (бұдан әрі – фьючерстік келісімшарт).
3. Фьючерстік келісімшарттың сауда-саттық кодының құрылымы Биржа мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібін реттейтін Биржаның ішкі құжатында келтірілген *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Фьючерлік келісімшарттың базалық активі АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы болып табылады.
5. Фьючерстік келісім-шартпен сауда-саттық жүргізу әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

2 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ

6. Фьючерстік келісімшарт теңгемен есептеулермен және $T+3^1$ -тен $T+365$ -ке дейінгі есеп айырысуларды жүзеге асыру мерзімдерімен саудаланады.
7. Егер фьючерлік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау күні қандай да бір себептермен Биржаның корреспондент-банктері үшін АҚШ доллары бойынша жұмыс істемейтін күн болып табылған жағдайда, онда міндеттемелерді орындаудың тиісті күні Биржаның корреспондент-банктері жұмыс істемейтін күннен кейінгі АҚШ долларымен және теңгемен есеп айырысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасындағы жұмыс күніне ауыстырылады.
8. Фьючерстік келісім-шарттағы базалық активтің мөлшері бір АҚШ доллары мөлшерінде белгіленген.
9. Фьючерстік келісімшартпен сауда-саттық жүргізген кезде баға үтірден кейінгі төртінші белгіге дейінгі дәлдікпен бір АҚШ доллары үшін теңгемен өлшенеді.

3 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

10. Фьючерстік келісімшарттың тараптары бір-біріне мөлшері базалық актив бағасының өзгеруіне байланысты болатын теңгемен (вариациялық маржамен) ақша сомасын төлеуге міндетті.
11. Вариациялық маржа келісімшарт жасалған күні есептеледі және клирингілік ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес осындай келісімшарт жасалған күннен кейінгі күннен бастап

¹ Әлемдік практикада биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысуды (биржалық мәмілелерді орындауды) жүзеге асыру мерзімдерін "T+n" жазбасы түрінде жалпы қабылданған белгілеу, мұндағы T – фьючерстік келісімшарт жасалған күннен кейінгі бірінші есеп айырысу күні, ал n – T күнінен кейінгі күнтізбелік күндер саны.

міндеттемелер орындалған күнге дейін төленеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

12. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелер орындалған күні сатушы сатып алушыға осындай келісімшарттың базалық активі болып табылатын шетел валютасын мәміле көлемінде беруге міндетті, ал сатып алушы базалық активті қабылдауға және сатушыға мәміле көлемінде және клирингтік ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес анықталатын тәртіппен теңге сомасын төлеуге міндетті *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
13. Фьючерстік келісімшарттар бойынша міндеттемелерді тоқтату тәртібі клирингтік ұйымның ішкі құжаттарымен анықталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

3 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

14. Осы Сипаттамаға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды (өзектілендіру) уақтылы енгізу үшін жауапкершілік Сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.
15. Осы Маманданым қажеттілігіне қарай өзектендіруге жатады.

Осы Маманданым бұл Маманданым қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіру қажеттілігіне қайта қарауға жатады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген